

2011 жылы халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар туралы

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 138 қаулысы . Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 13 сәуірде № 9-18-132 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында, Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың мынадай тізімі белгіленсін :

- 1) табысы аз адамдар ;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған тұлғалары бар азаматтар ;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;
- 7) мүгедектер ;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босатылған адамдар ;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар ;
- 10) оралмандар ;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беретін ұйымдардың түлектері ;
- 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар ;
- 13) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар ;
- 14) жұмыссыз ретінде жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органда

тіркелген елу жастан асқан адамдар;

15) ұзақ уақыт (бір жыл және одан астам) жұмыс істемеген азаматтар;

16) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін білім беретін ұйымдардың т ү л е к т е р і .

2. "Таран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды қарастырсын.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткен соң, қолданысқа енгізіледі.

Таран ауданының әкімі

А. Бондаренко